



«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

2023-2024 оқу жылындағы информатика пәнінен қабілетті оқушалармен жұмыс жоспары

Информатика пәні мұғалімі: Бекзатова Фариза

Дарындылықты анықтау дамыту және ұйымдастыру

«Қазақстан ұлы держава болуы үшін бізге күш-қуаты, қажыр қайраты мол, ақылды да ойлы дарынды жастар керек»

Н.Ә. Назарбаев

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аз дау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез-келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек десе, ал қарсы көзқарастағылар дарындылық өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән дейді

Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп еліміздің болашағы жастарға үлкен мән берген.

Сонымен, дарынды дегеніміз - адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, талдау, еске сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Дарынды баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктер:

1. Іс-әрекетінің өзіндік стратегиялық ерекшеліктері бар оқушы.
2. Кез келген іс-әрекетті «өзінше орындауы».
3. Кез келген қиын істен жеңілді, жеңілден –қиынды көру ерекшелігімен дараланады.

Дарындылық:

Айқын дарындылық дарынды оқушының жетістіктерінің айқындығы соншалық, «бұл бала дарынды» деген қағидаға еш күмән жоқ.

Дарынды бала - ол кім?

Еліміздің дамуындағы стратегиялық міндеттерді шешуде білім беру саласына тың жаңалықтар, ұтымды шешімдер енгізу қажеттілігі –заман талабы болып тұр. Себебі 21 ғасыр ғылым мен техника ғасыры екендігі баршамызға мәлім. Осындай ауқымды мәселені шешудің негізгі тетіктерінің бірі – балалардың дарындылығын дамыту. Қазақстан әлем аренасына шығып, халықаралық деңгейде экономикалық және мәдени байланыстарды дамыту үшін дамыған мемлекеттермен терезесі тең болып қарым-қатынас жасауы үшін интеллектуалды элитаны қалыптастыру ісін қолға алуда.

Дарындылық-адам қоғамында және бір құндылық ретінде қаралатындықтан дарынды балалармен жұмыс істеу адам ресурсын барынша жақсы пайдалану болып табылатыны сөзсіз. Бұл бағытта мемлекет тарапынан жас талаптыларды қолдау бағдарламасы және президенттің «Дарынды балаларға арналған мектептерді қолдау мен дамыту» қаулысы. «Дарын» республикалық ғылыми- практикалық орталығы жасаған концепция қызмет етуде. Осыншалық маңызды істе жалпы білім беру мекемелерінің алар орны орасан зор, себебі онда барша бала білім алады да оның ішінде дарынды балаларда отырады. Оны байқамау, оның патенциялын дамытуға мүмкіндік бермеу қылмыспен тең әрекет. Ал соншама баланың ішінде табиғи дарынын қалай байқауға, дамытуға болады.

Бұл сұраққа жауап беру үшін негізгі екі аспектіні назарда ұстау қажет: Дарынды баланы анықтау және онымен жұмыс істеуді ұйымдастыру. Дарынды балалардың бір-

бірінен айырмашылығы болғанымен, кейбір ортақ ерекшеліктерінде бар. Дегенмен ғылымда бала дарындылығын анықтайтын кейбір әдістер бар.

Олар:

- Аналитикалық (Жаппай әдіс)
- Түрлі тесттер
- Анкеталар
- Ата-ананың әңгімесі
- Мұғалімнің мінездемесі
- Диагностикалық әдіс.

Дарынды балалармен жұмыс істеу мазмұны

- Мектептегі айрықша қабілетті, дарынды оқушыларды анықтау, қолдау.
- Дарынды балалармен тұрақты, жүйелі жұмыс жасап, олардың табиғи қабілетін ашу, дамыту.
- Дарынды балалардың күнделікті сабақта алған білімі мен іскерлігін үнемі назарда ұстау.
- Дарынды баланың пәнге қызығушылығы қаншалықты деңгейде екендігін анықтап, пән олимпиадаларына қатыстыру.
- Оқушының білім-біліктілігін анықтай отырып, деңгейлік тапсырмалар беру.
- Шығармашылық ізденісін шындау бағытында қандай қосымша әдебиеттер пайдалану қажеттігіне кеңес беріп отыру.

Дарындылықты анықтаудың мынадай параметрлері бар.

- Оқушының танымдық /білім/ іс-эрекетінің басқа оқушылардан озық дамуы
- Психологиялық жоғары дамуы
- Дені сау, жан-жақты толық дамуы
- Ойлау қабілетінің озық болуы
- Айналадағы құбылыстарды не басқа процесстерді етеңе жақын түсінуі
- Туа бітті шығармашылық қабілеттің

Дарындылықтың түрлері

- Интеллектуалды
- Академиялы
- Шығармашылық
- Көсемдік /лидер/
- Көркем орындаушылық

Дарындылықты анықтау критерийлері

- Теориялық материалды толық игеруі
- Материалды игеруде табандылық көрсетуі/бастап кетпеуі/
- Алынған білімді әр сабақ сайын дамыту
- Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану
- Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- Өзіне-өзі талап қоя білуі
- Тапсырылған жұмысты сапалы орындауы

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс түрлері

- Оқушының тарау бойынша өз бетімен тест құра білдіруі
- Тақырып бойынша модель құруға үйрету
- Алынған білімдерді әр сабақ сайын дамыту.
- Өз ойларын баяндағанда ғылыми терминологияны пайдалану
- Пәнді игеруде негізгі проблеманы бөліп алуы және өз алдына шеше алуы
- Өзіне – өзі талап қоя білуі
- Тапсырылған жұмысты сапалы орындалуы.

**ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ, ҚАБІЛЕТТІ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІ**

№	АТЫ-ЖӨНІ	СЫНЫБЫ	ҚАБІЛЕТТІЛІГІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
1	Аманбай Сезім	8 Ә	Оқуға ынтасы жоғары, зерек және ынталы. Оқу озаты. Ерекшелігі: өте күрделі нәрселерді ұнатады, тәуелсіз шешім қабылдай алады, алған білімін тереңдетуге талпынып отырады, достарының ортасында беделді, ізденімпаз, жаратылыстану пәндерін сүйіп оқиды, есепке жүйрік, логикалық ойлау қабілеті жоғары, суреттеу, сурет салу және өңдеу жұмыстарына қызығады.
2	Торбай Фирдаус	8 Д	Пәнге деген қызығушылығы жоғары, зерек және ынталы. Оқу үлгерімі жақсы. Ерекшелігі: алуан түрлі тақырыптарға қызығушылық танытуы; тез ойлау, тез қағып алу; бос тұра алмай бір нәрсе істегісі келіп тұрады, біреулермен таласқанды жаны сүйеді, басқалардың назарын өзіне аударуды қалап тұрады, көшбасшылық қабілеті басым, жаңалыққа құмар.
	Әшірбек Нұрсая	8 И	Оқуға ынтасы жақсы, зерек және ынталы. Оқу озаты. Ерекшелігі: алған білімін тереңдетуге талпынып отырады, достарының ортасында беделді, ізденімпаз, жаратылыстану пәндерін сүйіп оқиды, есепке жүйрік, қабілеті жоғары, суреттеу, сурет салу және өңдеу жұмыстарына қызығады.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
2023-2024 ж ОҚУ ЖЫЛЫ

№	ЖҰМЫСТЫҢ ТҮРІ	МЕРЗІМІ	ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ
1	Дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспарын құру	Қыркүйек айы	Жоспар
2	Сынып жетекшілер және педагог - психологімен кеңесе отырып қабілетті (өте ерекше) оқушылар тізімін алу.	Қыркүйек айы	Тізімін құру
3	Білім деңгейінің игеру қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау	Қыркүйек айы	Оқушылардың ерекшеліктері
4	Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу	Жеке жоспар бойынша	Жоспар
5	Өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту.	Жоспарға байланысты	Сабақ жоспарлары
6	АКТ технологиялар элементтерін пайдалану	Қажеттілігіне қарай	Презентациялары
7	Құрылымдық тапсырмалар дайындау	Қажеттілігіне қарай	Деңгейлік тапсырмалар
8	Тест және басқа да тапсырмалар арқылы танымдық қабілеттерін нығайту	Қажеттілігіне қарай	Тест тапсырмалары
9	Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын беру	Қажеттілігіне қарай	Тапсырмалар
10	Пән бойынша білім-білік дағдыларының қалыптасуын үнемі бақылып, өздеріне талдатын, өздік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру	Сабақ сайын	Өзідік бағалау

8-сынып
Қабілетті оқушылармен жұмыс

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Ақпараттарды өлшеу	1	05.09	
2	Процессор	1	12.09	
3	Процессордың сипаттамалары	1	19.09	
4	Компьютерлік желілер	1	26.09	
5	Компьютерді пайдаланудың теріс аспектілері	1	03.10	
6	Желідегі қауіпсіздік	1	10.10	
7	Заманауи кибер қауіп - қатер	1	17.10	
8	Статистикалық мәліметтер	1	24.10	
9	Электронды кестеде мәліметтердің әртүрлі пішімдерін қолдану	1	14.11	
10	Кірістірілген функциялар	1	21.11	
11	Кірістірілген функциялар: мәтіндік және логикалық функциялар	1	28.11	
12	Қолда бар ақпаратқа негізделген деректерді талдау	1	05.12	
13	Қолданбалы есептерді шешу	1	12.12	
14	Кестеде көрсетілген функцияның графигін құрастыру	1	19.12	
15	Кестеде көрсетілген функция графигінің қасиеттерін өзгерту	1	26.12	
16	While циклі	1	09.01	
17	For циклі	1	16.01	
18	Циклдік алгоритмдерді программалау	1	23.01	
19	Continue циклін басқару	1	30.01	
20	Break циклін басқару	1	06.02	

21	Else циклін басқару	1	13.02	
22	Алгоритм трассировкасы	1	20.02	
23	Программалауда кездесетін қателер.	1	27.02	
24	Практикум. Программалауда кездесетін қателер.	1	05.03	
25	Мәселені қалыптастыру	1	12.03	
26	Алгоритмді құру	1	19.03	
27	Практикум. Алгоритмді құру	1	09.04	
28	Алгоритмді программалау	1	16.04	
29	Программаны тестілеу.	1	23.04	
30	Алгоритмнің түрлері	1	30.04	
31	Алгоритмді құруға арналған тапсырмалар	1	06.05	
32	Программа құруда кездесетін қателермен жұмыс жасау	1	13.05	
33	Алгоритм құрудағы нақты мақсаттар	1	17.05	
34	Алгоритмге байланысты тапсырмалар орындау	1	23.05	